

ФЕРМЕР ӨСІП КӨРКЕЙСЕ – КӨРКЕЙЕДІ ТУҒАН ЕЛ!

ПРОЦВЕТАЕТ ФЕРМЕР – ПРОЦВЕТАЕТ СТРАНА!

PROSPERING FARMER – PROSPERING COUNTRY!



КАЗАГРОФИНАНС

2013 ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП
ГODOBOЙ ОТЧЕТ
ANNUAL REPORT

 **ҚАЗАГРОҚАРЖЫ**



ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

2013

2013 ЖЫЛЫ БІЗ:

Қазақстанның барлық облыстарында инвестициялық жобалардың рекордтық санын іске қостық

Жаңа басым бағыттарды қаржыландыра бастадық:
- альтернативті энергия көздерінің лизингі
- ауыл шаруашылығы ұшақтарының лизингі
- отандық асыл тұқымды ІҚМ лизингі

Астық жинайтын ауыл шаруашылығы комбайндарының рекордтық санын лизингке табыстадық

Ауыл шаруашылығын қолдауға арналған лизинг/кредиттер бойынша пайыздық сыйақы ставкаларын арзандату бойынша субсидиялау бағдарламасының қатысушысы болдық

МАЗМҰНЫ

Басқарма Төрағасының алғы сөзі	6
Кәсіпқойлар командасы	8
Жалпы мәлімет	10
2013 жыл несімен есте қалды?	11
«ҚазАгроҚаржы» АҚ лизинг нарығындағы жайғасымы	13
Корпоративтік басқару	14
Жұмыс қорытындысы	19
Қаржы нәтижелері	25
Кадр саясаты және қайырымдылық	31
Болашақтың перспективалары. 2014 жылға арналған жоспарлар	33
Қаржылық есептілік	34
Қосымша. 2013 жылы іске асырылған инвестициялық жобалар	

ҰШҚЫННАН ЖАЛЫН ЛАУЛАЙДЫ...!

ҚҰРМЕТТІ СЕРІКТЕСТЕР МЕН ӘРІПТЕСТЕР!

Бұдан 14 жыл бұрын, Қазақстанның Тәуелсіздік таңында, «ҚазАгроҚаржы» компаниясы ауыл шаруашылығы техникасын лизингке табыстайтын шағын ғана қаржылық институт ретінде құрыла бастаған кезде, осы шағын компания бірер жыл өткен соң еліміздің ауыл шаруашылығын қаржыландыратын ең ірі институттардың біріне айналады деп ешкім ойламаған. Бүгінгі таңда инвестициялық жобалармен қатар, ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдығының лизингі Қоғам қызметінің сансыз көп бағыттарының тек біреуі ғана болып табылады. Сірә, бүгінгі күні ауылдық жерлерде «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының және ҚазАгро» ҰБХ» АҚ өзге де еншілес ұйымдарының қызметі жөнінде естіп қанық болмаған немесе олардың қызметімен түйіспеген бірде-бір шаруагер қалмаған шығар.

Тарихқа аздап көз жүгіртсек, Қоғамның 2003 жылғы алғашқы жылдық есептерінің бірінде мынадай деректер берілген: «**2003 жылдың** соңына қарай несиелік қоржынының көлемі **9,3 млрд. теңге**, компанияның активтері **14,4**

млрд. теңге болды, **750 лизинг шарты** жасалды». Салыстыру үшін, **2013 жылы** несиелік қоржынының көлемі **167,7 млрд. теңге** жетті, ал компания активтері 207,0 млрд. теңгеге дейін өсті, **11 815 шарт** жасалды. Сонымен бірге, 2000 - 2013 жылдар ішінде жалпы сомасы **217,7 млрд. теңге** **25 000 бірліктен** артық техниканы сатып алуға қаржыландырды.

«Ұшқыннан жалын лаулайды...» – дейді. Бұл – біздің компаниямыз арқылы лизингке берілген комбайнның алғашқы дәңгелегінен шыққан «ұшқын», ал «еңбек жалыны» орасан зор Отанымызды түгел асырап отырған қазақстандық шаруагерлердің қолында. Барлық серіктестер мен әріптестерге олардың көрсеткен көмегі мен ынтымақтастығы үшін алғыс айтамыз: Сіздерге табыс, денсаулық және тұрақтылық тілейміз!



Құрметпен,
«ҚазАгроҚаржы» АҚ
Басқарма Төрағасы
Ғұмар Рахимжанов



«ҚазАгроҚаржы» АҚ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ
Рахимжанов Ғұмар Төлегенұлы

 **ҚАЗАГРОҚАРЖЫ**

КӘСІПҚОЙЛАР КОМАНДАСЫ!



Басқарма Төрағасы
Рахимжанов Ғұмар Төлегенұлы




Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары –
Басқарма мүшесі
Өмірзақов Нұрлан Амантайұлы
ЖЕТЕКШІЛІК ЕТЕТІН БӨЛІМДЕРІ:
Бухгалтерлік есеп және есептілік департаменті
Қаржы-экономикалық департаменті
Ақпараттық технологиялар департаменті



Басқарма Төрағасының орынбасары –
Басқарма мүшесі
Джувашев Асылхан Болатұлы
ЖЕТЕКШІЛІК ЕТЕТІН БӨЛІМДЕРІ:
Несиелендіру және лизинг департаменті
Құқықтық қамтамасыз ету департаменті



Басқарма Төрағасының орынбасары –
Басқарма мүшесі
Жаниязов Бауыржан Лепесұлы
ЖЕТЕКШІЛІК ЕТЕТІН БӨЛІМДЕРІ:
Техникалық қамтамасыз ету департаменті
«ҚазАгроҚаржы» АҚ филиалдары



Басқарушы директор –
Басқарма мүшесі
Бекбаев Айдос Әбдіқалиұлы
ЖЕТЕКШІЛІК ЕТЕТІН БӨЛІМДЕРІ:
Несиелендіру және лизинг департаменті
Құқықтық қамтамасыз ету департаменті



Құқықтық қамтамасыз
ету департаментінің директоры –
Басқарма мүшесі
Бишенов Бауыржан Қайыргелдіұлы
ЖЕТЕКШІЛІК ЕТЕТІН БӨЛІМДЕРІ:
Құқықтық қамтамасыз ету департаменті



Басқарушы директор –
Шоқұманова Зәурәш Нұғұметқызы
ЖЕТЕКШІЛІК ЕТЕТІН БӨЛІМДЕРІ:
Техникалық қамтамасыз ету департаменті
«ҚазАгроҚаржы» АҚ филиалдары



Басқарма Төрағасының кеңесшісі –
Басқарма мүшесі
Атамқұлова Гүлназ Төреханқызы
ЖЕТЕКШІЛІК ЕТЕТІН БӨЛІМДЕРІ:
Қарыздарға әкімшілік ету департаменті



Басқарушы директор –
Аппарат басшысы
Телебаева Назгүл Ғазизқызы
ЖЕТЕКШІЛІК ЕТЕТІН БӨЛІМДЕРІ:
Кадр тұрақтылығы мен құжаттамалықты
қамтамасыз ету департаменті
Әкімшілік-шаруашылық департаменті
Стратегиялық даму және маркетинг бөлімі
Жиынтық ақпарат және ішкі бақылау бөлімі

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – «Қоғам») 1999 жылы 28 желтоқсанда «Ауыл шаруашылығының кейбір мәселелері туралы» 1999 жылғы 24 қарашадағы №1777 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес ауыл шаруашылығындағы басты проблемалардың бірі – техника паркін жаңарту мәселесін шешуге ықпал жасау мақсатында құрылған. Қоғам «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ құрамына енеді.

НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ

БИЗНЕС ЖҮРГІЗУДІҢ ЖОҒАРЫ СТАНДАРТТАРЫ МЕН СЕΝІМДІЛІГІ НЕГІЗІНДЕ РЕСПУБЛИКАНЫҢ АГРАРЛЫҚ СЕКТОРЫНА ҚОЛ ЖЕТІМДІ ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТІП, ОНЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҢА RTУ БОЙЫНША ЛИЗИНГТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ АРҚЫЛЫ ДАМУТҒА ҚОЛДАУ ЖАСАУ.

МИССИЯСЫ

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қаржы қаражаттарына, сондай-ақ лизинг негізінде ауыл шаруашылығы технологиялық жабдықтарына деген қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы агроөнеркәсіптік кешенді техникалық және технологиялық жаңарту болып табылады.

ҚОҒАМНЫҢ 2020 ЖЫЛҒА ҚАРАЙҒЫ КӨРІНІСІ

Бизнес жүргізудің жоғары стандарттары мен сенімділігі негізінде республиканың аграрлық секторына қолжетімді қаржы қызметтерін көрсетіп, оны техникалық және технологиялық жаңарту бойынша лизингтік қызметті жүзеге асыру арқылы қолдау жасау мақсатында, Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінде меншікті өз активтерін тиімді басқаратын негізгі қаржылық-инвестициялық ұйым.

Қоғам дүниежүзілік жетекші өндірушілердің толық өндіріс кезеңі бар технологиялық жабдықтарымен жарақтандыру үшін, жаңа жоғары технологиялы өндірістерді іске асыруға қаржыландырады.

ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

Жарғылық мақсаттарды іске асыру үшін, Қоғам келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1. агроөнеркәсіптік кешендегі лизингтік қызмет;
2. агроөнеркәсіптік кешеннің субъектілерін несиелендіру, оларға қаржы қызметін және өзге де қызметтер көрсету;
3. агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға бағытталған республикалық бюджеттік және өзге де бағдарламаларды іске асыруға қатысу.

Қазақстанның барлық аймақтарында компанияның филиалдары бар.

2013 ЖЫЛ НЕСІМЕН ЕСТЕ ҚАЛДЫ?

НЕСИЕЛЕНДІРУ ЖӘНЕ ЛИЗИНГ

- ▶ АӨК дамытуға 76,8 млрд. теңге жұмсалды, бұл өткен жылдың деңгейінен жоғары.
- ▶ Инвестициялардың жалпы құрылымында бюджеттен тыс қаражаттардың үлесі мемлекеттік үлестен асып түсіп, 45% қарсы 55% құрады.
- ▶ 1 464 қарыз алушыға қаржылай қолдау жасалып, 2 398 шарт жасасылды, бұл 2012 жылмен салыстырғанда, 17,3% көбірек және соған сәйкес 16,7% құрады.
- ▶ жалпы сомасы 41,5 млрд. теңгеге 3 537 бірлік әр түрлі ауыл шаруашылығы техникалары мен жабдықтар лизингке табысталды, бұл жоспарлы көрсеткіштен 54% жоғары.
- ▶ «ІҚМ етінің экспорттық әлеуетін дамыту» бағдарламасы шеңберінде республикаға 7 887 бас импорттық таза тұқымды етті малдар әкелінді.
- ▶ Қазақстандық өндірістің ІҚМ лизингі бағдарламасы старт алды, соның шеңберінде жергілікті селекцияның 851 бас асыл тұқымды ІҚМ әкелінді.
- ▶ 30 млрд. теңгеге 63 инвестициялық жоба іске қосылды.
- ▶ Жалпы сомасы 25,1 млрд. теңгеге 1 373 шарт бойынша 859 қарыз алушы субсидияланды.

ҚАРЖЫЛЫҚ

- ▶ 2013 жылы жиынтық табысы 14 136,2 млн. теңге құрады, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 30,5%-ға жоғары.
- ▶ Қоғамның негізгі қызмет бойынша табысы 13 749,8 млн. теңге құрады, бұл 2012 жылға қарағанда, 29,7%-ға жоғары.

- ▶ 2013 жылы таза табысының көлемі 2012 жылмен салыстырғанда, 5 есе ұлғайып, 3 005,7 млн. теңге құрады.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

- ▶ Клиенттерге рекордтық саны – 727 бірлік комбайн лизингке табысталды, бұл 2012 жылға қарағанда, 5%-ға көбірек.
- ▶ Ауыл шаруашылығы техникаларының, ІҚМ мен жабдықтардың жеткізуші-өндірушілерінің саны 9,3%-ға ұлғайды.
- ▶ Агроөнеркәсіптік кешен саласында өзге елдермен ынтымақтастық географиясы ұлғайды.
- ▶ Кейін лизингке берілетін болып, жергілікті АШТӨ-нен отандық ІҚМ сатылып алына бастады.

ӘЛЕУМЕТТІК

- ▶ Маңғыстау облысы бойынша филиалдың қызметі қайта басталды.
- ▶ Алматы қаласында Алматы қаласы мен Алматы облысының 10 ауданында Қоғам қызметін қамтитын жаңа филиал ашылды.
- ▶ Фермерлерге қызмет көрсету орталығының ашылуы шеңберінде Қоғам филиалдары орналас-тырылды.
- ▶ Қоғам штаты 55 бірлікке ұлғайтылды.
- ▶ Клиенттермен тікелей диалог жүргізу мақсатында, Қазақстан Республикасының 7 облысында алғаш рет «Ашық есік күндері» іс-шарасы өткізілді.

ЛИЗИНГ НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖАЙҒАСЫМЫ


Лизинг нарығы Қазақстандағы негізгі капиталдарды жаңартудың ең талап етілген және келешегі бар қаржылық құралдарының бірі болып қала бермек, оған банктік несиелендіру артықшылықтарының болуы, мемлекеттік қолдау, сондай-ақ негізгі қорлардың айтарлықтай тозуы мүмкіндік береді.

2013 жылы экономиканың көптеген салалары бойынша лизинг нарығын дамытудағы мемлекеттің атқарған рөлі айтарлықтай болғандығы байқалады, оның дәлелі акционерлері болып табылатын

лизингтік компаниялардың жоғары үлесі (80% жоғары), соның ішінде мемлекеттік институттар.

«Эксперт РА Казахстан» рейтингтік агенттігінің деректері бойынша, қазіргі кезде лизингтік қызмет нарығындағы көшбасшылар «ҚазАгроҚаржы» АҚ (63,1%), «БРК-лизинг» АҚ (15,5%) және «Астана-Финанс Лизинг» АҚ (9,9%) болып табылады. Өзге лизингтік компаниялардың үлесіне нарықтың 11,5% келеді.

АҒЫМДАҒЫ ҚОРЖЫНЫНЫҢ КӨЛЕМІ БОЙЫНША «ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ЛИЗИНГ НАРЫҒЫНДАҒЫ ҮЛЕСІ



Дерек көзі: «Эксперт РА Казахстан»

Лизинг нарығында жаңа бизнес көлемінің өсуі бойынша «ҚазАгроҚаржы» АҚ нарықтың 82,4% алады, екінші орынды «Райффайзен Лизинг Казахстан» (3,3%) және «Сбербанк Лизинг Казахстан» (3,1%).

ЖАҢА БИЗНЕС КӨЛЕМІ БОЙЫНША «ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ЛИЗИНГ НАРЫҒЫНДАҒЫ ҮЛЕСІ



Дерек көзі: «Эксперт РА Казахстан»

Агроөнеркәсіптік кешеннің лизинг нарығындағы негізгі ойыншыларды базалық қаржыландыру талаптарына жасалған салыстырмалы талдау, еліміздің ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің көпшілігі үшін «ҚазАгроҚаржы» АҚ талаптары қолайлы әрі қол жетерлік болып табылатынын көрсетті. Нарықтың өзге

қатысушыларына қарағанда, Қоғамның негізгі бәсекелі артықшылықтары болып табылатындар: лизинг пен несиелендірудің пайыздық ставкасының анағұрлым төмен болуы, барынша ұзақ қаржыландыру мерзімі, жеңілдікті кезеңнің болуы және т.б.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ корпоративтік басқаруды Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру, оның беделін нығайту және оның капитал тартуға байланысты шығындарын азайту құралы ретінде қарайды.

«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫНА ЕНЕДІ:

- ҚОҒАМНЫҢ ЖОҒАРҒЫ ОРГАНЫ – АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ (ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР);
- ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНЫ – ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ;
- ҚОҒАМНЫҢ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫ – БАСҚАРМА;
- ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН БАҚЫЛАЙТЫН ОРГАН – ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ;
- ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫНА СӘЙКЕС ӨЗГЕ ОРГАНДАР.

«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамында тәуекелдікті басқару жүйесінің (Тәуекелдік-менеджмент департаменті) және басқару органының (Ішкі аудит қызметі) болуы біздің жүргізетін операцияларымыздың түрлері мен көлемдері ескеріле отырып, тәуекелдіктердің тиімді анықталуын, бағалануын және шектелуін қамтамасыз ететін Қоғамның тәуекелдіктерді бақылау әдістерін қолдануын көздейтін баламалы басқару жүйесінің негізін құрайды. Бұл екі бөлімше де Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады.

Тәуекелдік-менеджмент департаменті Қоғамдағы тәуекелдікті басқару қағидаттары мен саясатының сақталуын тәуелсіз бақылау тәртібін қамтамасыз ету мақсатында, тәуекелдіктерді басқаруға байланысты рәсімдердің енгізілуі мен жүргізілуі үшін жауап береді.

Ішкі аудит қызметі, өз алдына, Қоғамның ішкі бақылау жүйесін және ішкі капиталды бағалау рәсімін тұрақты мониторингтеу бөлігі болып табылады, өйткені ішкі аудит Қоғамның белгіленген ішкі саясаты мен тәртіп барабарлығының тәуелсіз бағалануын және сақталуын қамтамасыз етеді. Ішкі аудит қызметі өз міндеттерін тиімді де ұтымды орындауда Қоғам басшылығына және Директорлар кеңесіне көмек көрсетеді.

Сөйтіп, Қоғамдағы тәуекелдіктердің бағалануы мен барлық операциялардың бақыланыуы «ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметіне байланысты барлық тәуекелдіктерді анағұрлым азайтуға мүмкіндік береді, бұл ақыр аяғында, несие қоржынының сапасынан жақсы жағынан көрінетін болады.

«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНА КІРЕДІ:

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

АЙТЖАНОВ ДУЛАТ НУЛИҰЛЫ
«ҚазАгро» Холдингі» АҚ Басқарма Төрағасы

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ

МАХАЖАНОВ ДӘУРЕН СӘБИТҰЛЫ
«ҚазАгро» Холдингі» АҚ Басқарма
Төрағасының орынбасары

ЕДЕНБАЕВ ЕРКЕҒАЛИ СЕРІКҰЛЫ
«Цесна» Корпорациясы» АҚ Басқарма
Төрағасы – тәуелсіз директор

КЕНЖЕБАЕВ ӘДІЛХАН АЙТҚАЗЫНҰЛЫ
«Қазэкспортастық» Агрофирмасы» ЖШС
Бас директоры – тәуелсіз директор

РАХИМЖАНОВ ҒҰМАР ТӨЛЕГЕНҰЛЫ
«ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасы

«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ БАСҚАРМА ҚҰРАМЫНА КІРЕДІ:

РАХИМЖАНОВ ҒҰМАР ТӨЛЕГЕНҰЛЫ
Басқарма Төрағасы

ӨМІРЗАҚОВ НҰРЛАН АМАНТАЙҰЛЫ
Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары

ДЖУВАШЕВ АСЫЛХАН БОЛАТҰЛЫ
Басқарма Төрағасының орынбасары

ЖАНИЯЗОВ БАУЫРЖАН ЛЕПЕСҰЛЫ
Басқарма Төрағасының орынбасары

БЕКБАУОВ АЙДОС ӘБДІҚАЛИҰЛЫ
Басқарушы директоры

АТАМҚҰЛОВА ГҰЛНАЗ ТӨРЕХАНҚЫЗЫ
Басқарма Төрағасының кеңесшісі

БИШЕНОВ БАУЫРЖАН ҚАЙЫРГЕЛДІҰЛЫ
Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің
директоры


САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

2013 жылы ақпан айының 12-жұлдызынан 15-жұлдызына дейін сапа менеджмент жүйесіндегі басшылықтың атқаратын рөлі мен міндеттеріне қатысты «ISO 19011 талаптары ескеріле отырып, ISO 9001:2008» стандартының талаптарына сәйкес сапа менеджмент жүйесін әзірлеудің, енгізудің және оның ішкі аудитін жүргізудің тәжірибелік аспектілері» тақырыбы бойынша компанияның жаңадан тағайындалған жоғары басшылығы, сондай-ақ Қоғамның 12 қызметкері деріс алды.

2013 жылғы шілде айының 25-жұлдызынан 31-жұлдызына дейін Қоғамның ішкі нормативтік құжат талаптарының орындалуын тексеруге бағытталған СМЖ ішкі аудиті жүргізілді.

2013 жылдың 30 қыркүйегінен 2 қазанына дейін жүргізілген сыртқы бақылау аудитінің нәтижелері бойынша, Intertek International Kazakhstan компаниясымен СМЖ тиімді енгізілгені, Қоғамның көрсететін қызметінің сапасы стандарттарға сәйкес келетіні анықталды.

«КАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



ЖҰМЫС ҚОРЫТЫНДЫСЫ




АӨК ҚҰЙЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ 13 жыл қызмет атқарған уақыты ішінде агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға шамамен 361,1 млрд.теңге немесе 2,3 млрд. аса АҚШ доллары инвестицияланды, соның ішінде 2013 жылы 76,8 млрд. теңге инвестиция құйылды, бұл өткен жылдың деңгейінен 55%-ға көбірек. Сондай-ақ, жалпы инвестиция құрылымындағы бюджеттен тыс қаражаттардың үлесі мемлекеттік қаражат үлесінен асып түсіп, 45% қарсы 55% құрады.

ЖАСАЛҒАН ШАРТТАР

2013 жылы «ҚазАгроҚаржы» АҚ 1464 қарыз алушыға қаржылық қолдау жасап, олармен 2 398 шарт жасасты, бұл 2012 жылмен салыстырғанда 17,7% көбірек және соған сәйкес 16,7% құрады.

2000 – 2013 ЖЖ. ІШІНДЕ ЖАЛПЫ
ИНВЕСТИЦИЯ СОМАСЫ 361,1 МЛРД.
ТЕҢГЕ НЕМЕСЕ 2,3 МЛРД. АҚШ
ДОЛЛАРЫН ҚҰРАДЫ




Мемлекеттік қаражат
Бюджеттен тыс

ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛҒАН ТЕХНИКА

АӨК субъектілерін қолдау шеңберінде 2000 жылдан 2013 жылға дейінгі кезең ішінде жалпы сомасы 217,7 млрд. теңгеге 25 173 бірліктен аса техника мен жабдық сатып алуға қаржыландырылды.

Соның ішінде, 2013 жылы жалпы сомасы 41,5 млрд. теңгеге 3 537 бірлік өртүрлі ауыл шаруашылығы техникалары мен жабдықтары лизингке табысталды.

Жалпы алғанда, «ҚазАгроҚаржы» АҚ а/ш техникаларын сатып алу үлесі Қазақстандағы жалпы техника сатып алу көлемінің 35% құрайды.



ТЕХНИКАНЫ ЖЕТКІЗУ	2010 ж.		2011 ж.		2012 ж.		2013 ж.		Барлығы 2000-2013 жж.	
	Саны	Сомасы	Саны	Сомасы	Саны	Сомасы	Саны	Сомасы	Саны	Сомасы млрд. тенге
	1365	12,5	2539	19,7	3048	30,2	3537	41,5	25173	217,7

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫН САТЫП АЛУДЫҢ 2013 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЫ – 27,0 МЛРД. ТЕҢГЕ, НАҚТЫ 31.12.2013 ЖЫЛҒА – 41,5 МЛРД. ТЕҢГЕ (ОРЫНДАЛУЫ 154%)

ІРІ ҚАРА МАЛ ӨКЕЛУ

2011 жылдан бері «ҚазАгроҚаржы» АҚ «Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін дамыту» бағдарламасының операторы болып табылады, соның шеңберінде республикаға 24 821 бас таза асыл тұқымды импорттық етті малдар әкелінді.

2013 жылы аталмыш бағдарламаға республикалық бюджеттен 5,2 млрд. теңге қаржы бөлінді, игерілу көлемі 100% құрады. Бағдарлама шеңберінде 7 887 бас ІҚМ әкелінді.


Сонымен бірге, Қоғам бюджеттен тыс қаражат есебінен қазақстандық өндірістің ІҚМ сатып алуға

қаржыландырады. Осылай, 2013 жылы 851 бас ІҚМ әкелінді. Сонымен қатар, 2013 жылдан бастап «ҚазАгроҚаржы» АҚ ІІ категориялы және Қазақстанның ішінде өндірілген ІҚМ лизингке сатып алуды қаржыландыру талаптарын бекітті.

Барлығы 2011-2013 жж. ішінде Қоғам 30 мыңнан артық мал әкеліп жеткізді, соның ішінде: сүт бағытындағы ІҚМ – 4 439 бас, ет бағытындағысы – 25 672 бас.

Соның ішінде 2013 жылы 24 548 бас мал әкелуге мақұлданды, нақты әкелінгені – 11 533 бас ІҚМ.

БАҒЫТ	2011 ж.		2012 ж.		2013 ж.	
	мақұлданды	әкелінді	мақұлданды	әкелінді	мақұлданды	әкелінді
Барлық ІҚМ	7 213	6 833	13 795	11 745	24 548	11 533
«043» бюджеті есебінен ІҚМ	5 690	5 321	12 815	10 766	21 010	8 734




ЕТТІ ІРІ ҚАРА МАЛДЫҢ НЕГІЗГІ ЭКСПОРТТАУШЫ-ЕЛДЕРІ

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ СЕРПІНІ

Инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша өткізілген конкурстық іріктеу шеңберінде

Қоғам 2009 – 2013 жж. ішінде 131,3 млрд. теңгеге 283 инвестжобаны бекітті. Өткен жылдармен салыстырғанда, жобаларды қарау мен бекітуде оң серпін байқалады. 2013 жылы жалпы сомасы 44,3 млрд. теңгеге 111 инвестжоба бекітілді.

№	ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БАҒЫТТАРЫ	Саны	Сомасы, млрд. теңге	№	ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БАҒЫТТАРЫ	Саны	Сомасы, млрд. теңге
1	Репродуктор-шаруашылықтар	91	28,6	8	Құс фабрикаларын құру	12	22,3
2	Көкөніс қоймалары	28	8,5	9	А/ш техникасын құрастыру	4	3,5
3	ТСФ құру	25	22,1	10	Мал бордақылау алаңдары	5	1,0
4	Жылыжай кешендері	24	22,5	11	Күрішті қайта өңдеу	3	2,1
5	Астық қоймалары	20	7,8	12	Қасапхана цехы	2	0,5
6	Жемшөп өндірісін дамыту	23	7,2	13	ЕӨК	1	2,0
7	Суару жүйесі	18	2,1		БАСҚАЛАРЫ	27	1,1
БАРЛЫҒЫ:						283	131,3



ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

2009 ЖЫЛЫ ІСКЕ ҚОСЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

2009 – 2013 ЖЫЛДАР ІШІНДЕ «ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ 83,1 МЛРД. ТЕҢГЕГЕ 190 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫ ІСКЕ ҚОСТЫ:


- 60,9 млрд. теңгеге 94 жобаны ҚР Ұлттық қорының қаражаты есебінен;
- 21,4 млрд. теңгеге 88 жобаны бюджеттік қаражат есебінен;
- 0,8 млрд. теңгеге 8 жобаны бюджеттен тыс және меншікті қаражат есебінен.

КЕЛЕСІ БАСЫМ БАҒЫТТАР БОЙЫНША:

- 0,21 млрд. теңгеге 1 жоба 1 000 басқа арналған мал бордақылау алаңдарын құру бойынша;
- 0,5 млрд. теңгеге 1 жоба жылына 500 тонналық май шығаратын зауытты модернизациялау бойынша;
- 2,5 млрд. теңгеге 3 жоба құрастыру кәсіпорындарын құру бойынша;
- 1,6 млрд. теңгеге 7 жоба сақтау сыйымдылығы 91,5 мың тонналық астық қоймасын құру бойынша;
- 0,6 млрд. теңгеге 9 жоба суландыру жүйесін қолданып, жылына 22 мың тонна жеміс-көкөніс дақылдарын өндіретін алаңы 1,3 мың га өндіріс құру бойынша;
- 13,9 млрд. теңгеге жылына 54 мың тонна ет және 305,8 млн. жұмыртқа өндіретін 10 құс фабрикасы (5 ет, 5 жұмыртқа бағытындағы).

- 13,0 млрд. теңгеге жылына 22,2 мың тонна көкөніс өндіретін алаңы 43 га жерге 13 жылыжай кешенін құру бойынша;
- 2 млрд. теңгеге жылына 99,2 мың тонна жемшөп өндіретін жемшөп өндірісін дамыту бойынша 15 жоба;
- 19,9 млрд. теңгеге жылына 104,4 мың тонна сүт өндіретін 21 тауарлы-сүт фермасы;
- 5,8 млрд. теңгеге жылына 103,3 мың тонна өнімді сақтау сыйымдылығымен 22 көкөніс қоймасы;
- 3,2 млрд. теңгеге а/ш өнімдерін өндіру және қайта өңдеу кәсіпорындарын қаржыландыру бойынша 23 жоба;
- 20,4 млрд. теңгеге 31,9 мың бас асыл тұқымды импорттық ІҚМ әкеліп, репродуктор-шаруашылықтарын құру бойынша 65 жоба.

БАРЛЫҚ КӨЗДЕР БОЙЫНША ІСКЕ ҚОСЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР



ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР КАРТАСЫ



СУБСИДИЯЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ 2013 ЖЫЛЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚОЛДАУҒА АРНАЛҒАН НЕСИЕ (ЛИЗИНГ) БОЙЫНША ПАЙЫЗДЫҚ СЫАҚЫ СТАВКАСЫН СУБСИДИЯЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ РЕСМИ ҚАТЫСУШЫСЫ БОЛДЫ, СОНЫҢ ІШІНДЕ:

- 213 «Қайта өңдеу өндірісін дамыту» бағдарламасының 100 «Ауыл шаруашылығын қолдауға арналған несие (лизинг) бойынша сыйақы ставкасын өтеу» кіші бағдарламасы шеңберінде (ҚР Үкіметінің 13.02.2013 № 129 Қаулысы), Қоғам 2013 жылы жалпы сомасы 5,8 млрд. теңгеге 160 шарт бойынша 41 қарыз алушыны субсидиялауға мақұлдады, бөлінген субсидия көлемі 235,5 млн. теңге.

- 214 «Өсімдік шаруашылығын дамыту және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету» республикалық бюджеттік бағдарламасының 104 «Ауыл шаруашылығы техникасының кредиттері (лизингі) бойынша пайыздық сыйақы ставкаларын арзандату» кіші бағдарламасы бойынша (ҚР Үкіметінің 17.07.2013 №730 Қаулысы), 2013 жылы жалпы сомасы 18 млрд. теңгеге 1 196 қаржы лизингі шарттары бойынша 810 лизинг алушы субсидиялауға мақұлданды, соның ішінде бөлінген субсидия көлемі 506,9 млн. теңге.

- Қазақстан Республикасында АӨК-ді дамытудың 2013 – 2020 жылдарға арналған бағдарламасы (Агробизнес-2020) шеңберінде АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру бойынша (ҚР Үкіметінің 10.08.2013 № 816 қаулысы), 2013 жылы жалпы негізгі борыш сомасы 1,3 млрд. теңгеге 17 шарттары бойынша 8 қарыз алушы субсидиялауға мақұлданды.

ҚАРЖЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

2013 жылы «ҚазАгроҚаржы» АҚ жиынтық табысы 14 136,2 млн. теңгені құрады, бұл ретте 11 377,6 млн. теңге сомасына шығын жұмсалды.

Қоғамның негізгі қызметі (сыйақы алуға байланысты) бойынша табысы 13 749,8 млн. теңге құрады, бұл 2012 жылға қарағанда 29,7% жоғары. Соның ішінде ұсынылған қаржы жалгерлігі бойынша табысы өткен жылдың осыған ұқсас көрсеткішімен салыстырғанда, 27,7%-ға өсіп, 9 418,6 млн. теңге құрады, ал берілген қарыздар бойынша табысы 31,6%-ға ұлғайып, 3 786,6 млн. теңгені құрады.

2013 жылы Қоғам табыстарының құрылымында ең үлкен үлес салмақты сыйақы алуға байланысты табыстар алады, соның ішінде: лизинг бойынша – 66,6%, берілген несиелер бойынша – 26,8%.

Шығыстары 2013 жылы 11 377,6 млн. теңгені құрап, 2012 жылмен салыстырғанда, 11%-ға көбейді.

Шығыстар құрылымында ең үлкен үлес салмақты сыйақы төлеуге байланысты шығыстар алады – 37,6%, резервтерге (провизияларға) арналған шығыстар – 21,9%.

КӨРСЕТКІШТЕР	2012 ж.	2013 ж.	2013 ж. %-бен 2012 ж. қарай
Табыстар	10 829,5	14 136,2	131%
Шығыстар	10 247,8	11 377,6	111%
КТС	-24,1	-247,1	
Таза табыс	605,8	3 005,7	496%

ТАБЫСТАРЫ МЕН ШЫҒЫСТАРЫНЫҢ СЕРПІНІ, МЛН. ТЕҢГЕ

ҚАРЖЫ НӘТИЖЕСІ НЕГІЗГІ ҚАРЖЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметінің соңғы жылдардағы негізгі қаржы көрсеткіштерінің серпінінде өсу жағына қарай тұрақты беталысы байқалады, бұл «Ernst & Young» аудиторлық компаниясы жүргізген аудиторлық тексерістің нәтижелерімен расталады.

НЕГІЗГІ ҚАРЖЫ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ СЕРПІНІ, МЛН. ТЕҢГЕ

КӨРСЕТКІШТЕР	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.*
Активтер	105 331,9	110 206,8	132 864,4	152 296,7	206 561,4
Меншікті капитал, соның ішінде	50 999,7	60 452,7	81 239,5	84 065,0	94 311,3
тұрақты капитал	48 450,2	54 450,2	74 350,2	75 653,2	80 883,5
Міндеттемелер	54 332,2	49 754,1	51 624,9	68 231,7	112 250,1
Жиынтық табыстар	13 001,8	10 760,4	9 997,1	10 829,5	14 136,2
Жиынтық шығыстар	10 807,1	8 776,8	9 394,2	10 247,8	11 377,6
КТС	1 106,8	-423,2	-547,9	-24,1	-247,1
Таза табыс	1 087,9	2 406,7	1 150,9	605,8	3 005,7
Активтердің табыстылығы (ROA), %	1,13%	2,23%	0,95%	0,42%	1,68%
Капитал табыстылығы (ROE), %	2,21%	4,32%	1,62%	0,73%	3,37%

ROA активтерінің табыстылық (рентабельділік) көрсеткіші кез келген компанияның активтерін пайдалану тиімділігін сипаттау үшін ең маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады. Өзге қаржы ұйымдарына қарағанда, «ҚазАгроҚаржы» АҚ-да активтердің рентабельділік көрсеткішінің деңгейі айтарлықтай төмен, бұл жарғылық мақсаты арқылы активтерінің жоғары табыстылығы емес, республиканың аграрлық секторын жеңілдікті

түрде қаржыландыру болып анықталған Қоғам қызметінің ерекшелігіне байланысты.


Осыған байланысты, Қоғамның негізгі қызметі бойынша табыстылық деңгейі ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне арналған лизинг бойынша төмен (жеңілдікті) сыйақы ставкаларының күні бұрын белгіленуі арқылы анықталған.



ҚАРЖЫ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ СЕРПІНІ

ТАЗА ТАБЫСЫНЫҢ СЕРПІНІ

2013 жылғы атқарған қызметінің қорытындысы бойынша «ҚазАгроҚаржы» АҚ оң қаржы нәтижесіне қол жеткізді – 2012 жылмен салыстырғанда, таза табысының көлемі 5 есеге көбейіп, 3 005,7 млн. теңгені құрады.



ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ТӨЛЕМ ТӨЛЕУ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН БАҒАЛАУ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ қаржы жағдайында меншікті өзінің қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілуін (тұрақтылық коэффициенттері), сонымен қатар өз міндеттемелерін орындау үшін активтерді

мерзімінде жұмылдыру қабілетін (өтімділік коэффициенттері) сипаттайтын көрсеткіштерді талдау арқылы бағалауға болады.

ТҰРАҚТЫЛЫҚ КОЭФФИЦИЕНТТЕРІ

КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ АТАУЫ	Ұсынылатын мән	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.
Қаржы тәуелсіздігі коэффициенті (Баланс валютасындағы меншікті капитал үлесі) = (Меншікті капитал) / (Баланс валютасы)	≥ 0.5	0,6	0,6	0,5
Қаржы қарбаластық коэффициенті (Баланс валютасындағы қарыз қаражаттарының үлесі) = (қарыз капиталы) / (Баланс валютасы)	≤ 2	0,3	0,4	0,5
Берешек коэффициенті (қарыз бен меншікті қаражат арасындағы ара қатынас) = (Қарыз капиталы) / (Меншікті капитал)	≤ 3	0,6	0,7	1,0
Өзін-өзі қаржыландыру коэффициенті (Меншікті және қарыз қаражаттарының ара қатынасы) = (Меншікті капитал) / (Қарыз капиталы)	≥ 0.5	1,8	1,5	1,0
Меншікті айналым қаражаттарымен қамтамасыз етілу коэффициенті (Айналым активтеріндегі меншікті айналым қаражаттарының үлесі)	≥ 0.03	0,1	0,1	0,1
Маневрлік коэффициент (Меншікті капиталдағы меншікті қаражат үлесі)	≥ 0.5	0,9	0,9	0,9

Қаржы тәуелсіздігі коэффициентінің мәні сыртқы қаржыландыру көздерінен мүмкін тәуелділік деңгейді көрсететін, ұсынылған 0,5 деңгейде тұрады. Шеттен алып пайдалану дәрежесін сипаттайтын қаржы қарбаластық коэффициенті де ұсынылатын шекте сақталып қалады.

Берешек коэффициенті мен өзін-өзі қаржыландыру коэффициенті 1,0 шегінде, ұсынылған мәнге сәйкес келеді. Жыл сайын жалғыз акционер тарапынан жарғылық капиталға салынатын инвестициялардың арқасында маневрлік коэффициент тұрақты.

ӨТІМДІЛІК КОЭФФИЦИЕНТТЕРІ

КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ АТАУЫ	Ұсынылатын мән	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.
Ақша қаражаттарының және қысқа мерзімді қаржы салымдарының ағымдағы пассивтерге қатынасына тең абсолюттік өтімділік коэффициенті	≥ 0.2	0,8	0,8	0,8
Ағымдағы активтердің ағымдағы пассивтерге қатынасына тең ағымдағы өтімділік (орнын толтыру) коэффициенті	≥ 0.5	0,5	0,8	3,1

Өтімділік коэффициенттері әрқашан резервтердің жоғары деңгейімен сипатталады, бұл ауыл шаруашылығына байланысты көтеріңкі тәуекелдік дәрежесі есепке алына отырып әбден дәлелденген. Қоғам мәртебесі экономиканың басқа салалары бойынша әртараптандыру мүмкіндігінсіз аграрлық сектордағы қызметтің орталықтандырылуын алдын ала анықтайды. Инвестициялардың әлеуметтік бағыттылығы инвестициялау объектілерін іске қосу ұзақтығымен негізделген ақша қаражатын салу және оны қайтару арасындағы ұзақ уақыттық

үзіліспен сипатталатын мемлекеттік маңыздағы жобалар бойынша жеңілдікті талаптардың берілуін көздейді. Өтімділікті басқару саясаты қаржы активтері қозғалысының маусымды тәуелділігі, сонымен қатар ауыл шаруашылығын қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру міндеттерін тиімді шешу үшін ақша қаражаттары барынша көп жұмылдырыла отырып, қаржы институттарымен жасалатын ықтимал операциялардың шектеулі спектрі ескеріле отырып құрылған.



КАДР САЯСАТЫ ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ



ҚОҒАМНЫҢ КАДР САЯСАТЫ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ кадр саясаты қызметкерлер құрамын ұзақ мерзімді басқаруға бағытталған, оның басты мақсаты қажетті сапа мен сандағы Қоғамның еңбек ресурстарына деген қажеттіліктерін нақты бір уақыт шегінде толығымен және мерзімінде қанағаттандыру болып табылады. Білікті, ынталы, мотивациясы жоғары, қарқынды да сапалы жұмысқа нысаналанған қызметкерлер Қоғамның басты игілігі әрі бәсекелесу қабілетінің ең маңызды көзі ретінде қаралады.

Кадр саясатын іске асырудың негізі болып табылатын тиімді ұйымдық құрылымы мен оңтайлы кадр құрамының болуы. Қоғамда жұмыс істеуге біліктілігі жоғары мамандарды тарту мақсатында, нақты бір лауазымдардың әрқайсысына қойылатын біліктілік талаптары әзірленеді. Біліктілігі жоғары қызметкерлердің іздестірілуі мен іріктелуі кандидаттардың біліктілік деңгейіне және кәсіби құзыретіне қойылатын талаптарға сәйкес, тек Қоғам ұжымында жұмыс істеген кезде пайдалы болуы мүмкін кәсіби қасиеттерінің негізінде ғана жүргізіледі.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ 2013 жылы халықтың ең аз қорғалған топтарына, соның ішінде Ақмола облысының Ақкөл ауданындағы Урюпинск ауылында №2 балалар үйіне қайырымдылық көмек көрсетті. Жетім балаларға 2013 жылы спорт жабдықтары (швед стенкасы, доптар, ракеткаларымен бірге теннис үстелі және т.б.), жаңа жылдық сыйлықтар сатылып алынды, сондай-ақ шаруашылық қажеттіліктеріне шынжыр табан трактор берілді.

ҚОҒАМНЫҢ КАДР САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ:

- ▶ Тиімді ұйымдық жобалау, сондай-ақ қазіргі кадр құрамы, Қоғамның ағымдағы және стратегиялық даму жоспарлары ескеріле отырып, қызметкерлер құрамын жоспарлау;
- ▶ Еңбекке деген қызығушылықтарын және қанағаттанушылықтарын арттырудың мотивациялық механизмдерін құру және қолдау;
- ▶ Адами ресурстардың тиімділігін арттыру. Қызметкерлер құрамына жұмсалған шығындар мен алынған нәтижелердің сай келушілігі, соның ішінде қызметкерлердің кәсіби құзыреттерін арттыру бөлігінде;
- ▶ Қоғамның адами ресурстарын барынша тиімді басқару мақсатында қызметкерлер құрамын басқару жүйесін жетілдіру;
- ▶ Қызметкерлердің кез келген лауазымдық деңгейді әлбетте орындауы үшін міндетті болатын қызметкерлер құрамын басқару саясатының қағидастарын, сондай-ақ ішкі ұйымдық-жарлық құжаттарда бекітілген қызметкерлер құрамын басқару тәртіптерін сақтау;
- ▶ Қоғамның ерекшеліктері мен стандарттары ескеріле отырып, адами ресурстарды басқарудың қазіргі заманға лайық тұжырымдамаларының негізінде қызметкерлер құрамын басқару әдістерін ұдайы жетілдіріп отыру;
- ▶ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сай келу.

БОЛАШАҚТЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ. 2014 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР



МАҚСАТТАР	МІНДЕТТЕР
АӨК дамытуға көмек көрсету	АӨК қаржыландыруға 65 млрд. теңгеден артық қаржы жұмсау
Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысу	63 инвестициялық жобаның іске қосылуын қамтамасыз ету
Өнімділігі жоғары ауыл шаруашылығы жануарларының басын көбейту	12 000 бас ІҚМ жеткізу жолымен өнімділігі жоғары асыл тұқымды жануарлардың әкелінуін қамтамасыз ету
АӨК экспорттық әлеуетін дамыту	Жылына 192,5 мың тонна көлемінде астық сақтайтын өндіріс орындарының іске қосылуын қамтамасыз ету
АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру	АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру

Қазақстан Республикасының аумағында жоспарланған инвестициялардың есебінен жобалардың іске асырылуы ауылда дүниежүзілік жетекші өндірушілердің толық өндіріс кезеңі бар қазіргі заман озық технологиялары қолданылатын технологиялық жабдықтарымен жарақтанатын жаңа жоғары технологиялы өндірістердің құрылуына әкелетін болады.

Сөйтіп, Қоғам бұдан былай да ауылдың әрі қарай дами беруі үшін, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, жаңа жұмыс орындарын ұйымдастыра отырып, бәсекеге жарамды өнімдер өндіру үшін қажетті жағдайлар жасай отырып, нағыз қаржылық институттың және республиканың аграрлық секторы үшін нағыз серіктестің міндеттерін жүйелі түрде іске асырып отыратын болады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



Building a better
working world

«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әль-Фараби д-лы, 77/77
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ. 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, 77/77
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/77
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 5960
Fax: +7 727 258 5961

Тәуелсіз аудиторлардың қорытындысы

«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының Акционері мен Директорлар кеңесіне –

Біз қоса беріліп отырған «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі мәтін бойынша – «Компания») 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайы туралы есептен, пайда мен зияндар туралы есептен, жиынтық кіріс туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен және көрсетілген күнде аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ есеп саясатының маңызды аспектілері туралы ақпарат пен басқа да түсіндірме ақпараттан тұратын қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Қаржылық есептілікке қатысты басшылықтың жауапкершілігі

Компания басшылығы осы қаржылық есептілікті Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірлеуге және дұрыс беруге әрі басшылықтың пікірінше шынайы емес әрекеттердің немесе қате салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп айқындайтын ішкі бақылау процедуралары үшін жауап береді.

Аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің міндетіміз жүргізілген аудиттің негізінде осы қаржылық есептілік туралы өз ойымызды білдіру болып табылады. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар біздің әдеп нормаларын сақтауымызды, аудитті қаржылық есептілікте маңызды бұрмаланулардың жоқтығына жеткілікті түрде сенімді болатындай етіп жоспарлауымызды және жүргізуімізді талап етеді.

Аудит қаржылық есептілікте берілген сомалар мен ақпаратқа қатысты аудиторлық дәлелдер алуға бағытталған процедуралардың орындалуын қамтиды. Шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан қаржылық есептіліктің едәуір бұрмалану тәуекелін бағалауды қоса алғанда, процедураларды таңдау аудитор тұжырымдарына негізделеді. Бұл тәуекелді бағалау кезінде аудитор қаржылық есептілікті дайындау мен дұрыс беруге қатысты ішкі бақылау аспектілерін Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірін білдіру үшін емес, нақты жағдайларда қажет аудит процедураларын анықтау үшін қарастырады. Сондай-ақ Аудит таңдалған есеп саясатының орындылығы мен Компанияның басшылығы жасаған бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін бағалауды және тұтас қаржылық есептіліктің берілуін бағалауды қамтиды.

Біз алған аудиторлық дәлелдер пікірімізді білдіруге жеткілікті әрі тиісінше деп санаймыз.



Building a better
working world

Пікір

Біздің ойымызша қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілерде «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының 2013 жылдың 31 желтоқсанына қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін оның қаржы нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес лайықты түрде көрсетеді.

Ernst & Young LLP



Евгений Жемалетдинов
Аудитор / «Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы МФЮ-2 №00000003 болатын Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия

2014 жылғы 20 наурыз



Аудитордың 2003 жылғы 24 желтоқсандағы № 0000553 біліктілік куәлігі

«ҚазАгроҚаржы» АҚ

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2013 жылдың 31 желтоқсанына
(мың теңгемен)

	Ескер.	2013	2012
Активтер			
Ақша қаражаты және олардың баламалары	6	9.315.742	7.479.863
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	7	14.037.274	9.378.084
Туынды қаржы активтері	8	4.013.694	5.221.756
Клиенттерге берілетін кредиттер	9	40.242.908	28.901.531
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	10	114.482.107	87.255.752
Сатуға арналған активтер	11	1.548.060	491.555
Қаржылық жалға арналған мүлік	12	13.158.059	7.955.500
Негізгі құралдар	13	1.003.740	914.649
Материалдық емес активтер		138.771	164.643
ҚҚС және өтелуге жататын басқа да салықтар	14	1.292.736	798.788
Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтер		-	40.757
Берілген аванстар	15	7.293.062	3.656.801
Басқа да активтер	20	35.236	37.011
Активтер жиыны		206.561.389	152.296.690
Міндеттемелер			
Акционердің алдындағы берешек	16	80.067.858	40.118.682
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	17	18.348.464	17.358.991
Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы міндеттемелер		50.914	-
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер	18	1.320.099	1.382.670
Алынған аванстар	19	3.755.733	3.213.801
Кейінге қалдырылған ҚҚС		1.355.090	964.349
Басқа да міндеттемелер	20	7.351.975	5.193.226
Міндеттемелер жиыны		112.250.133	68.231.719
Капитал			
Жарғылық капитал	22	80.883.511	75.653.191
Қосымша капитал		12.597.918	9.099.198
Резервтік капитал	22	1.436.184	1.436.184
Шартты бөлу резерві		(6.525.798)	(5.340.250)
Бөлінбеген пайда		5.919.441	3.216.648
Капитал жиыны		94.311.256	84.064.971
Міндеттемелер мен капитал жиыны		206.561.389	152.296.690

Компания Басқармасы атынан шығаруға қол қойылды және бекітілді

Гумар Тюлегенович Рахимжанов



Басқарма Төрағасы

Гүлнар Такишевна Шоданова

Бас бухгалтер

6-46 бет аралығындағы қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ

Қаржылық есептілік

ПАЙДА МЕН ЗИЯНДАР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
(мың теңгемен)

	Ескер.	2013	2012
Пайыздық кірістер			
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек		9.418.577	7.377.017
Клиенттерге берілетін кредиттер		3.786.561	2.877.425
Кредиттік ұйымдардағы қаражат		544.652	348.291
		13.749.790	10.602.733
Пайыздық шығыстар			
Акционердің алдындағы берешек		(3.041.798)	(1.506.752)
Кредиттік ұйымдардың қаражаты		(1.230.676)	(814.631)
		(4.272.474)	(2.321.383)
Таза пайыздық кіріс		9.477.316	8.281.350
Қаржылық жалдаудың дебиторлық берешегі мен клиенттерге берілген кредиттердің құнсыздану резерві	9	(2.580.494)	(3.913.618)
Кредиттің құнсыздану резервін және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекті шегере отырып таза пайыздық кіріс		6.896.822	4.367.732
Туынды қаржы активтерімен операциялар бойынша таза шығыстар	8	(348.465)	(613.871)
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза шығыстар		(154.843)	(50.110)
Басқа да кірістер	23	328.324	132.815
Басқа да операциялық шығыстар		(174.984)	(531.166)
Қызметкерлер құрамының шығыстары	24	(2.073.907)	(1.461.111)
Резервтерді құрудан және құнсыздануынан болған басқа да шығыстар	26	(615.789)	(799.001)
Сатуға арналған активтер құнының азаюы	11	(191.260)	(44.158)
Басқа да операциялық шығыстар	24	(691.698)	(505.984)
Клиенттерге берілген кредиттердің келешек ақша ағындарының өзгеруінен болған түзету кірістерін шегере отырып залалдар	25	(286.042)	(345.261)
Амортизация		(104.518)	(99.415)
Пайыздық емес шығыстар		(3.963.214)	(3.254.930)
Корпоративтік табыс салығының шығыстарына дейінгі пайда		2.758.624	581.636
Пайда салығы бойынша үнемдеу	18	247.058	24.142
Есепті жылдағы пайда		3.005.682	605.778

Гумар Тюлегенович Рахимжанов



Басқарма Төрағасы

Гүлнар Такишевна Шоданова

Бас бухгалтер

6-46 бет аралығындағы қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ

Қаржылық есептілік

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

(мың теңгемен)

	Жарғылық капитал	Қосымша капитал	Резервтік капитал	Шартты бөлу резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2011 жылдың 31 желтоқсанына	74.350.191	7.116.969	860.753	(4.850.120)	3.761.733	81.239.526
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны (қайта есептелген)	-	-	-	-	605.778	605.778
Акционерден нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыздар бойынша бастапқы мойындаудан болған кіріс (22-ескертпе) (қайта есептелген)	-	1.982.229	-	-	-	1.982.229
Кезеңдегі шартты бөлу бойынша резерв (22-ескертпе) (қайта есептелген)	-	-	-	(490.130)	-	(490.130)
Ақша қаражатының есебінен жарғылық капиталды ұлғайту (22-ескертпе)	1.303.000	-	-	-	-	1.303.000
Резервтік капиталды ұлғайту (22-ескертпе)	-	-	575.431	-	(575.431)	-
Төленген дивидендтер (22-ескертпе)	-	-	-	-	(575.432)	(575.432)
2012 жылғы 31 желтоқсанға арналған (қайта есептелгені)	75.653.191	9.099.198	1.436.184	(5.340.250)	3.216.648	84.064.971
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	-	-	-	-	3.005.682	3.005.682
Жарғылық капиталды ұлғайту (22-ескертпе)	5.230.320	-	-	-	-	5.230.320
Акционерден нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыздар бойынша бастапқы мойындаудан болған кіріс (22-ескертпе)	-	3.498.720	-	-	-	3.498.720
Кезеңдегі шартты бөлу бойынша резерв (22-ескертпе)	-	-	-	(1.185.548)	-	(1.185.548)
Төленген дивидендтер (22-ескертпе)	-	-	-	-	(302.889)	(302.889)
2013 жылдың 31 желтоқсанына	80.883.511	12.597.918	1.436.184	(6.525.798)	5.919.441	94.311.256

Гумар Тюлегенович Рахимжанов



Басқарма Төрағасы

Гүлнар Такишевна Шоданова

Бас бухгалтер

6-46 бет аралығындағы қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ

Қаржылық есептілік

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

(мың теңгемен)

	Ескер.	2013	2012
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары:			
Алынған пайыздар		8.684.559	7.443.297
Төленген пайыздар		(1.935.738)	(1.132.291)
Туынды қаржы активтерімен операциялар бойынша өткізілген кірістер	8	871.848	771.819
Қызметкерлерге төленген шығыстар		(1.956.987)	(1.459.222)
Басқа да төленген операциялық шығыстар		(654.199)	(523.578)
Басқа да алынған кірістер		283.371	130.560
Шетел валюталарымен операциялар бойынша кірістерді шегере отырып жұмсалған шығыстар		(294.842)	(495.467)
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша ағымдары		4.998.012	4.735.118
Операциялық активтердің таза көбеюі/азаяуы		(4.659.190)	1.548.906
Кредиттік ұйымдардағы қаражат		(12.251)	(50.934)
Туынды қаржы активтері		(13.105.699)	(4.336.031)
Клиенттерге берілетін кредиттер		(25.735.986)	(21.715.687)
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек		39.334	(71.855)
Сатуға арналған активтер		(5.912.260)	(1.997.061)
Қаржылық жалға арналған мүлік		(493.948)	(274.271)
ҚҚС және өтелуге жататын басқа да салықтар		(3.383.365)	281.328
Берілген аванстар		(157.209)	(77.778)
Басқа да активтер			
Операциялық міндеттемелердің таза көбеюі/азаяуы		541.932	911.751
Алынған аванстар		3.040.474	3.003.001
Басқа да міндеттемелер			
Пайда салығына дейінгі операциялық қызметтен болған таза ақша ағындары		(44.840.156)	(18.043.513)
Төленген пайда салығы		(302.135)	(155.211)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза жұмсалуды		(45.142.291)	(18.198.724)
Инвестициялық қызметтен болатын ақша ағындары:			
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(166.864)	(62.856)
Негізгі құралдарды өткізуден түскен түсім		2.206	-
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімдері(жұмсалуды)		(164.658)	(62.856)
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағымдары			
Акционердің алдындағы берешектің ұлғаюынан түскен түсімдер		51.370.451	16.999.698
Акционердің алдындағы берешекті өтеу		(10.189.564)	(4.997.237)
Кредиттік ұйымдардан қарыздар алу		15.233.339	7.956.318
Кредиттік ұйымдардан алынған қарыздарды өтеу		(14.397.978)	(6.052.509)
Жарғылық капиталды ұлғайтудан түскен түсімдер	22	5.230.320	1.303.000
Төленген дивидендтер	22	(302.889)	(575.432)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі		46.943.679	14.633.838
Айырбастау бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен олардың баламаларына әсері		199.149	228.828
Ақша қаражаты және баламаларының таза көбеюі/азаяуы		1.835.879	(3.398.914)
Есепті жыл басындағы ақша қаражаты мен олардың баламалары	6	7.479.863	10.878.777
Есепті жыл соңындағы ақша қаражаты мен олардың баламалары	6	9.315.742	7.479.863

Гумар Тюлегенович Рахимжанов



Басқарма Төрағасы

Гүлнар Такишевна Шоданова

Бас бухгалтер

6-46 бет аралығындағы қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЛАРЫМЫЗ

ОРТАЛЫҚ АППАРАТ

Астана қ., Кенесары к-сі, 51, КҚ-4
Тел.: 8 (7172) 58-04-37, 58-04-38
e-mail: mailbox@kaf.kz

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
Көкшетау қ., Әуелбеков к-сі, 179 А,
309, 311, 313, 314 каб.
Тел.: 8 (7162) 76-29-47, 76-29-44 ф.
e-mail: akm2@kaf.kz

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ФИЛИАЛ
Алматы қ., Амангелді к-сі, 59 А,
Шар-тас БО, 9 қабат
Тел.: 8 (727) 258-11-04
e-mail: credit_alm2@kaf.kz

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
Талдықорған қ., Абылай хан к-сі, 125
Тел.: 8 (7282) 59-44-03, 59-44-04, 59-44-07
e-mail: almaty@kaf.kz

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
Ақтөбе қ., Әбілқайыр хан даңғ., 51
Тел.: 8(7132) 57-82-83, 57-83-35, 57-83-32
e-mail: a.baimuratov@kaf.kz

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
Атырау қ., Сәтпаев к-сі, 13 А, 3 қабат
Тел.: 8 (7122) 51-90-78, 51-90-79
e-mail: a.kondybayeva@kaf.kz

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
Ақтау қ., 4 ш/а, жағалау,
«Каспий ӘКК» ҰК АҚ ғимараты, 214 каб.
Тел.: 8 (7292) 50-19-95
e-mail: mng@kaf.kz

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
Қостанай қ., Таран к-сі, 147
Тел.: 8 (7142) 53-23-55, 53-35-99
e-mail: kst@kaf.kz

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
Орал қ., С.Датов к-сі, 28
Тел. 8 (7112) 22-81-89, 22-85-02, 22-88-91
e-mail: zko@kaf.kz

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
Петропавл қ., Абай к-сі, 57
Тел.: 8 (7152) 36-56-88, 36-25-88
e-mail: sko2@kaf.kz

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
Павлодар қ., Крупская к-сі, 71 Б
Тел.: 8 (7182) 32-58-67, 32-24-37
e-mail: pvl@kaf.kz

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
Қарағанды қ., Бұқар Жырау к-сі, 51/1
Тел.: 8 (7212) 41-14-91, 41-27-90
e-mail: krq@kaf.kz

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
Тараз қ., Сүлейменов к-сі, 100
Тел. 8 (7262) 57-64-02, 57-66-28
e-mail: tar@kaf.kz

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
Шымкент қ., Байтұрсынов к-сі, н/ж, 2 қабат
Тел.: 8 (7252) 22-35-01, 22-35-06
e-mail: uko@kaf.kz

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
Қызылорда қ., Желтоқсан к-сі, 46/48, 3 қабат
Тел.: 8 (7242) 23-00-74, 23-00-59
e-mail: kzl@kaf.kz

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ

Өскемен қ., Сәтпаев даңғ., 62,
Тел.: 8 (7232) 20-37-84, 20-37-64
e-mail: vko2@kaf.kz

www.kaf.kz



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БОЙЫНША БІРЫҢҒАЙ ТЕГІН CALL-CENTER
ЕДИНЫЙ БЕСПЛАТНЫЙ CALL-CENTER ПО РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН
COMMON TOLL FREE CALL-CENTER IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

8 8000 80 70 80